



## YESSENOV UNIVERSITY БІЛІМ ОРДАСЫНДАҒЫ СӘУЛЕТІ СӘНІМЕН ҮЙЛЕСКЕН ДӘРІСХАНАЛАР

**Жеткизгенова Әлия Түгелбайқызы**

Yessenov University, Қауымдастырылған  
профессоры, филология ғылымдарының  
кандидаты

Yessenov University білім ордасының қоғам болашағын тәрбиелейтін, мәдениет пен білімнің қайнарымен сусындататын эстетикалық талғамға сай жасақталып, корпус ішінің де әлемдік деңгейге сай білім, ағарту саласының мазмұнына сай безендірілуінің өзі көз сүйсіндіріп, көңілге қуаныш сыйлауда. Жоғары оқу орнының ажырамас бөлігі студенттеріміздің университет қабырғасында жүйелі де сапалы қызмет түрлерін еркін тұтынуы – білім беру ұйымы басқарушы құрамының кәсіби біліктіліктерінің жоғары деңгейден көрініп, өнімді еңбек етуімен тікелей байланысты.

Қазіргі нарықтық талаптар жетістігін де ескеріп, қоғамда, мемлекетіміздің, университетіміздің тарихында лайықты орны бар тұлғалардың атындағы дәрісхана, оқу аудиторияларын ашып, жасақтап беруге демеушілік ниетін білдірген кәсіпкерлердің ұсынысы мен көмегін қолдап, олардың идеясы білім беру, сабақ өткізу үдерісімен жымдаса байланысуын қадағалай отырып, кафедра меңгерушілеріне жауапкершілік жүктеп, қолға алуы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялық және инжиниринг университетінің ректоры Б.Б.Ахметовтің басшы ретінде үлкен кәсіби деңгейдегі ұйымдастырушылық қабілеті тәжірибесінің молдығын көрсетуде.

2018-2019 оқу жылында ашылған Ғұбайдолла Айдаров, Алшын Меңдалиев, Жаздырхан Сейдалиев атындағы және Латын тілі, Корей тілі аудиториялар қатарын биылғы оқу жылындағы жаңалықтар қатары толықтырып отыр.

2019-2020 оқу жылында ұлтымыздың дара туған данасы Ә.Кекілбаевтың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында 2 жыл бұрын жасақталған оқу аудиториясы соңғы үлгімен, жаңа дизайнмен әрленіп, білім алушылар пайдалануына ұсынылды. Бұған қоса Латын тілі оқу аудиториясы да техникалық жабдықтармен қоса, қабырғаға ілінген ақпараттық мәліметтермен жаңартыла жасақталды.

Биылғы оқу жылындағы тамаша тартудың бірі – поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың 80 жылдық мерейтойы құрметіне орай ашылған ақын



атындағы оқу аудиториясы болатын. Ақын шығармаларын QR code бағдарламасымен оқуға лайықталып дайындалған еңбектерімен безендірілген аудитория сәні арта түскен.

Жасақталған аудиториялар атауына лайық мазмұнына сай, заманауи техникалармен жабдықталып, студенттердің дәріс тыңдап, білім алуына қолайлы етіп ыңғайластыра жинақталды. Жоғары оқу орнының заманауи талаптарына сай, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға барынша мол мүмкіндіктерді қарастыра отырып, білім алушыларға қажетті де қолайлы, сәнді оқу аймағы жан-жақты қолдау тапты.

Латын тілі аудиториясы да латын жазуына бейімделген жаңа әліпби жасауда қазақ ғалымдарының лингвистикалық біліктілігін сынға салар сәтіне орай жасақталды. Осы бір тарихи кезеңнің елеулі оқиғасы қоғам талқысына түсіп, пікірлер өрбіп, тұжырымдар түйінделер мәреге де жақындап қалды. Міне, осындай қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру идеясы өзек болып, білім алушылар кәдесіне жарайтын жып-жинақы, шағын аудиторияның ашылуы – қазақ филологиясы кафедрасы оқытушыларының ұлтымыздың рухани әлемі үшін маңызды болып табылатын өзекті мәселеге байланысты көпшілік талқысына түскен пікірлерді саралай, жинақтай отырып ұсынған бірнеше көрнекіліктері мен ортаға салған идеяларының нәтижесі.

«Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», – деп елбасымыз Н.Назарбаев қозғаған латынға көшу идеясы бағытында қолға алынған бірден-бір игілікті істің бастауы осы ашылған дәрісхана қабырғасында жүйелене ілінген көрнекіліктерден көрініс тапты.

Аталмыш аудиториялар енген жанды саяхаттатып шыққандай әсерге бөлейтін мазмұнға ие, безендірілуі де бір-бірін қайталамас үлгімен жасақталған.

Дәріс оқып тұрған аудиторияның жанға жайлы, көрнекілігі сайлы болғандығы білім алушының ғана сұранысымен шектелмей, білім берушінің де жүзі жайнап, жүрегі нұрланып, қызмет орнына құрметі арта түсері сөзсіз.



Ғұбайдолла Айдаров тiл ғылымының түркітану саласына түрен салып, исі қазақтың жаратылу қалыбының да, жазба тарихының тым әріден бастау алатынын дәлелдеп берген ғалым-зерттеуші. Түркітанушы Ғұбайдолла Айдаров атындағы оқу аудиториясы Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге тағзым бағыты» бойынша университет тарихында алғаш рет «КЕЗБИ» ЖШС директоры Б.Кезбаевтың демеушілік жасауымен жасақталды. Тәуелсіз еліміздің руханияты мен ғылымында өшпес із қалдырған, тасқа басылған тарихымыз – Орхон-Енисей, Күлтегін, Тоныкөк жазуларын ұрпақ жадына мирас етіп табыстауға ерен еңбек сіңірген, ғылымның тың саласына тұңғыш түрен салған, алғаш зерттеген қазақ ғалымы, киелі мекеніміздің біртуар перзентінің бірі Ғұбайдолла Айдаровтың халқымыз үшін орны ерекшелігі оқу аудиториясына қойылған еңбектерінен, әр кезең жылдарынан сыр шерткен фотосуреттерден, жәдігерліктерден, аударма мәтіндердің үзінділерінің көшірмесі ұлғайтып түсірілген көрнекіліктерден байқалып тұрды.

Ғұбайдолла Айдаров атындағы аудиторияға қаржылық көмек көрсеткен жергілікті кәсіпкер Бітім Кезбаев пен оның балаларының азаматшылығын ерекше атауға болады. Б.Кезбаев студенттік жылдарында Ғұбайдолла Айдаров қамқорлығын көріп, ақыл-кеңесін алып, өзінің азамат болып қалыптасуына рухани көмегін аямаған ғалымның жақсылығына деген өзінің інілік парызына қоса, ғалымның исі түркі ғылымына қосқан өлшеусіз еңбегіне деген ізгі құрметін есте қаларлық игілікпен көрсетті. Демеушілер оқу аудиториясын жасақтауда дизайнер қызметіне жүгіне отырып, ғалым еңбектерінің мазмұны үйлесіммен қабысатын логикалық сабақтастығын да мұқият ескерген.





*Ғұбайдолла Айдаров атындағы оқу аудиториясы*

Ғалым еңбектерінің тұтастай жарқырай көрінуіне қосқан кафедра мүшелерінің ой еңбегі де ерекше болды. Себебі, мазмұн тұтастығын сақтап, әр бұрыштың, әр жиһаздың атқаратын қызметі мен маңызы ескеріліп отыруы тиіс болатын.

Келесі Маңғыстау өлкесінің белгілі шежірешісі, қоғам өмірінде белгілі үлкен беделге ие қадірменді ақсақалы Алшын Мендалиев ұрпақтарының қаржылық демеушілігімен ашылған аудитория да білім алушылардың сүйіне кіріп, сүйсіне дәріс тыңдайтын рухани орнына айналды.

Қазақ халқының, оның ішінде Маңғыстау қазақтарының басынан кешірген тарихи оқиғаларының ізін зерделеген өлкетанушы, Маңғыстау қазақтары – Адайлардың рулық генеалогиясын, шежіресін қағаз бетіне түсірген алғашқы автордың бірі Алшын Мендалиев атындағы аудиторияның салтанатпен ашылуы өлке үшін де үлкен жүрекжарды қуанышты жаңалық болды.

Белгілі өлкетанушы, жазушы, журналист Әбілқайыр Спанов: «Тірі шежіре Алшекең әке көрмей өсіп ер жеткен талай балаларының, інілерінің ата-тегін «түгендеп беріп» сауабын алған кісі. Әбіш Кекілбаев өзіне сонау Тобыш, Жаңай шалдардан бастап барлық аталарын шежіре қылып айтып, олар тұрсын түп нағашы жұрты қалмақтың атақты көріпкелі, «Қобыланды» жырындағы аты аталатын Қара Боқан жауырыншы екенін айтып таныстырған Алшекең атын аузынан тастамаумен келеді. Жазушының атақты «Үркер», «Елең-алаң» романдарындағы көп әңгімелер де – Алшекеңнің жебеуімен жеткен мұралар», – деп көрсеткен 1937 жылдан репрессияға түсіп, 25 жыл үкім арқалаған ғұмырын кеңестік лагерлерде өткізіп, елге оралған соң да халқына қызмет еткен Алшын Мендалыұлының өлшеусіз еңбегіне тағзым етудің кішкене ғана бөлшегі осы оқу аудиториясының ашылуы еді.



*Алишын Меңдалыұлы атындағы оқу аудиториясы*

Бұл жерде тек қаржылық көмек қана емес, табанды төзім мен ерінбейтін еңбекқор жанның ұйымдастырушылық, үйлестірушілік қабілетінің ауадай қажеттілігі «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Бекешов Сәрсенғалидың ізденгіштігі мен шешім қабылдауынан көрінді. С.Бекешов кабинеттің тұтасымен мазмұнды жасақталуына тікелей өзі атсалысып, өлкеміздің тарихына, тұрмыс-тіршілігіне, мәдени мұрасына деген жанашыр жүрегі мен қамқор көзқарасын шынайы танытып, көздеген мақсатына жетіп, алға қойған міндетінен шыға алды.

Бұған қоса, университетіміздегі оқу аудиториясының қатарын көп жылдар ауылшаруашылығы саласында басшылық қызмет атқарған қоғам қайраткері, «Парасат» қозғалысының жетекшісі, «Халықтық келісім» ҚБ бірінші төрағасы Жаздырхан Сейдалиев балаларының демеушілігімен ашылған дәрісхана толықтыра түсті. Тек Маңғыстау өлкесіне ғана емес, мемлекетіміздің даму жолында да өзінің қайырымды еңбегімен қайырлы үлесін қосқан тағылымды тұлға Жаздырхан Сейдалиевтің өмір жолдарын баяндайтын отбасылық, қызметтік фотосуреттерден бастап, қызмет ету, жас буынға тәрбие беріп, тәлім боларлық, үлгі ретінде ұсынарлық тәрбиелік ережесіндей кітаптары мен өзге де жәдігерлер қойылды.



*Жаздырхан Сейдалиев атындағы оқу аудиториясы*

Талайлы тағдыр теперішін көріп, тарихы қазақ елімен бірге өріліп, бір мемлекет туы астында біріккен корей халқының сандаған өкілдері үшін үлкен сүйіншілеткен қуаныштың бірі – «Корей тілі» оқу аудиториясының пайдалануға ұсынылғандығы еді. Тілін сүйіп, мәдениетін қадірлеп, тарихын ұмытпай, ұрпақтары жадында жаңғырта ұстауы үшін де бұл аудиторияның үлкен маңызы барлығына сүйінген корейліктер бұл жаңалықты ерекше қуанышты сезіммен қабылдады.

Рухани келбет пен үлкен эстетикалық талғаммен тандалған материалдық игіліктердің жымдаса бірігуінің маңызы ерекше екендігі заманауи талаппен жасақталған осы оқу аудиторияларымыздың пайдалануға берілгендігінен де айқын сезілуде.

Студенттердің білім алуға деген құштарлығымен қоса, тәлім-тәрбие бағытындағы шараларға қызығушылығын арттыруға, ортасына қамқорлық, сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға сәнді де салтанатты орынның да үлкен рөлі бар.